



«Тексерілді» Г.З.Күбесова
«Балбөбек» бөбекжай- балабақшасы
Әдіскер Досова Г.З
31.08.2023ж

**№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасының 2023-2024 оқу жылының
музыкадан ересек тобына ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Арықбаева.Г.А.

2023-2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған**

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ/ «» «Ботақан» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау); -Ән айтуда мәнгерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту; -Би қимылдарын , ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру; -Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	- Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу; -Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету; -Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру; -Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту; -Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауда музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету; -Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету; -Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу; -Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың музыка тыңдауда музыкалық шығармашылығын және қызығушылығын арттыру. Әндерді үйрете отырып, жоғарғы дыбыстарды /секста, септима/ ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. - Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен); - Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау; - Балаларды металлофон және барабан аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Және аспаптарда қарапайым ырғақтарды соғып үйренуге қалыптастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу; - Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану; - Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану; - Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау; -Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру; -Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	-музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту; -Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау; - Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту; - Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру. Атауы мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау; -Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту; -Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау; -Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.
Нормативтік жүктеме		Аптасына 2 сағат Айына 8 сағат Барлығы 72 сағат